

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕСІ

Кумарова К.А.¹, педагогика ғылымдарының магистрі
e-mail: kuralay.kumarova@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0007-8461-0808>
Сейдалиева Г.О.², PhD, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-4448-2414>

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзырет туралы түсініктеріне және оны дамыту тәжірибесіне қатысты эмпирикалық деректер келтірілген. Зерттеу жұмысы Қазақстанның бір жоғары оқу орнында ағылшын тілі оқытушылары арасында жүргізілді. Сауалнама негізінде деректер жиналып, олар сандық және сапалық зерттеу әдістері арқылы талданды. Прагматикалық құзырет – коммуникативтік құзыреттің құрамдас бөлігі. Ол коммуникативтік жағдайға сәйкес қисынын келтіріп сөйлеу, тыңдаушының көзқарасын түсіну, бір ойды анық жеткізіп, сөйлеу мақсатына жету қабілеттерін қамтиды. Зерттеу нәтижелері ағылшын тілі оқытушылары білім алушылардың прагматикалық құзыретін дамытудың маңыздылығын түсінетінін көрсетеді. Олар оқыту барысында интерактивті әдістер мен интернетте қолжетімді түпнұскалық материалдарды қолдану қажеттігімен келіседі. Дегенмен, зерттеулер көрсеткендей, оқытушылардың көпшілігі прагматикалық құзыретті дамытуда және прагматикалық қателерге кері байланысты беру кезінде қиындықтарға тап болатынын айтады. Сондай-ақ, оқыту барысында грамматикалық және лексикалық дағдыларды дамытуға назар аударады. Бұл үрдістің екі себебі осы зерттеу жұмысында айқындалды. Біріншіден, оқытушылардың лингвистикалық білімді оқыту әдісін білу сенімділігі нық болғандықтан, грамматикалық және лексикалық дағдыларды жетілдіруге арналған жаттығулар көп қолданылады. Ал, қарым-қатынас құру үшін тілдік емес факторларды ескере отыра сөйлеу алу дағдысы аса қажет. Екінші себеп, ағылшын тілі оқытушылары студенттердің қарым-қатынас жасамас бұрын грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді жақсы білу керек деп санайды. Сондықтан, пікір алмасу, дискуссия құру секілді коммуникативтік тапсырмалар кейінге шегеріледі.

Тірек сөздер: прагматикалық құзырет, прагматикалық қате, қарым-қатынас, интерактивті әдістер, жобаға негізделген технология, сауалдарға негізделген технология, виртуалды оқыту.

Кіріспе. Прагматикалық құзырет тіл құралдарын қолдана отырып, әртүрлі ұлтпен ұтымды қарым-қатынас орнатуда маңызды рөл атқарады. Ағылшын тілі оқытушысы тілдің құрылысын үйретумен қатар, ағылшын тілінде сөйлеу әдебімен, сөзді орынды, әрі орамды құрастыру мен қолдану ережелерімен таныстырады, яғни прагматикалық білім береді. Алайда, мұның толыққанды жүзеге асуы екі нәрсеге тікелей байланысты: біріншісі, ағылшынша сөйлейтін ортаның болмауына, екіншісі, тіл үйренушінің прагматикалық құзыретін дамуына ықпал ететін оқытуды ұйымдастыруына. Ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйрететін елдердегі тіл үйренушінің прагматикалық құзыретін дамытуға қатысты оқытушының көзқарасы мен тәжірибесі жан-жақты зерттеліп келеді. Бұл тақырыпқа қатысты Қазақстан мұғалімдерінің тәжірибесі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Себебі көп жағдайда оқытушылар тіл үйренушіге прагматикалық құзырет туралы теориялық білім берумен шектеледі. Ал белгілі бір ойды тиянақты жеткізе алуды үйрету әдісі грамматика мен лексиканы оқытумен бірдей емес, прагматикалық құзыретке ие болу үшін шынайы контекстте жаттығудың маңызы зор. Сондықтан бұл зерттеу ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретке деген көзқарасы мен оны дамыту әдістерін анықтауды мақсат етеді. Оған қол жеткізу үшін Қазақстандағы ағылшын тілін үйрететін 15 оқытушыға әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. Сауалнамада олардың прагматикалық құзыреті туралы көзқарасы, тіл үйренушінің прагматикалық құзыретін дамыту кезінде тап болған кедергілері және оны шешуде қолданған әдіс-тәсілі туралы мәлімет жинақталады.

Осы деректер негізінде аталған тақырыпқа қатысты сараптама жасалады. Зерттеу нәтижесі оқыту сапасын көтеруге және тіл үйренушінің сөзді орынды қолдануды үйрету әдісінің дамуына үлесін қосады.

Әдебиетке шолу. Тіл үйренушінің шеттілдік прагматикалық құзыретін дамыту мәселесі бүгінде өзекті тақырыптың бірі ретінде жан-жақты қарастырылып келеді. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер қатарында Жапон, Индонезия, Вьетнам және Қытай ғалымдарының жұмысын атауға болады. Олар ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытатын ел болғандықтан, ондағы мұғалімнің прагматикалық құзырет туралы түсінігі маңызды саналады. Өйткені ағылшын тілі шетел тілі ретінде қабылданатын қоғамда тіл үйренушінің прагматикалық құзыретті игеру мүмкіндігі шектеулі. Тіпті, тіл үйрету барысында оқытушының да, тіл үйренушінің де тап болатын кедергілері аз емес. М. Ариани, И. Бастоми, Дж.А. Праего, С.А. Айншенклас сынды зерттеушілердің еңбектерінде оқыту үдерісінде прагматикалық құзыреттің толық дамымауының ықтимал себептері көрсетіледі. Олар прагматикалық білім беруге «оқу материалдарының жүйесіздігі, сабақ уақытының шектеулілігі, іс-әрекеттің жасандылығы, мұғалімдердің тілдік құзыреттерінің немесе оқыту дағдыларының жетіспеушілігі және шетел тілін оқытудағы прагматикалық құзыретке деген көзқарасы» [1, 2] әсер етеді десе, П.Джи «тек метапрагматикалық білім беру, іс жүзінде қолдану мүмкіндіктің аз ұсынылуы» деген факторларды келтіреді [3]. Ал, Г. Каспер ойынша, шетел тілін оқытуда жиі кездесетін қателік – прагматиканың категориясы сөйлеу актілерін белгілі бір контекстпен байланыссыз оқытатыны дейді [4]. Мәселен, оқулықтарда ұсыныс немесе өтініш айту тақырыбына қатысты сөйлеу актілерінің басын, не аяғын беріп (Why don't you...?', 'If I were you, I'd...'), тіл үйренушілерден осы өрнектерді қолдана отырып, диалог құруды, хат жазуды сұрайды. М.МакКарти бұны «тірі» тілді қарапайым түрге өзгерту, тілдің күрделілігін қарапайым сөйлемдер тізбегіне айналдыру дейді [5]. Тілдің күрделілігін қабылдамай игеру тілдің шынайы қызметін меңгеруін тоқтатады. Сөйлеу актілерін тізіммен ұсыну Қазақстан білім беру контекстінде де кездеседі. Ал мұндай тұрғыда оқыту бүтін қарым-қатынастың болмысына қайшы келеді, өйткені шынайы өзара әрекеттесу барысында сөйлеуші ниетіне жету үшін оқулықта ұсынған бір сөйлеу актісін қолданып қоймайды, басқа тіл бірліктерін де іске қосады.

Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде көбінесе дискурстық құзыретті дамыту мақсат етіледі. Мысалы, А.А. Жайтапова және А.А. Картабаева еңбегі шеттілдік дискурстық құзырет жайында қазақ тілінде толық түсініктеме беретін бірегей еңбек болып табылады [6]. А.Е. Саденова қазақ тілінің диалогтық дискурсын өзге ұлт өкілдеріне оқытуда ескерілетін мәселелерді көтереді [7]. С.М. Медведева, О.М. Медведева неміс тілін оқытуда дискурстық құзыретті дамыту үшін С.С. Құнанбаева ұсынған когнитивтік-лингвистикалық-мәдени кешені [9, 214-226 б.] негізінде әзірленген жаттығуларды ұсынады [8]. Бірқатар зерттеулер арнайы сұлбаға негізделген жаттығуларды ұсынса, басқалары проблемалық оқытудың, рольдік ойындарды қолданудың тиімділігін көрсетеді. Қазақстан контекстінде коммуникативтік құзыретті қалыптастыруға арналған зерттеулердің барына қарамастан, шетел тілін оқытуда прагматикалық құзыретін дамытуға қатысты зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады.

Әлемдік зерттеулерде прагматикалық құзыреттің мәселесімен қатар, оны меңгерудің жолдары да қарастырылады. Мысалы, шетелдік еңбектерде прагматикалық білім берудің тура оқыту (explicit teaching) және жанама оқыту (implicit teaching) деп екі әдіс ұсынылады. Прагматикалық құзыретті explicit teaching, яғни тура оқыту – лингвистикалық формалардың контекстке қарай қалай қолданатыны жайлы түсіндіру мен нұсқау беру арқылы метапрагматикалық (теориялық) білім беру. Алайда метапрагматикалықтың мәлімет мәнді және практикалық контексттерде берілгені жөн. Прагматикалық құзыретті жанамадай дамыту кезінде жобаға негізделген технология (project-based learning), сауалдарға негізделген технология (task-based learning, case-study), виртуалды оқыту (micro-blogging), рольдік ойындар, яғни интерактивті әдістер

қолданылады. Осындай әртүрлі әдістер арқылы белгілі бір сауалдарды шешу барысында, яғни практика жүзінде жанама оқытып, прагматикалық құзыретті жетілдіруге болады.

Тура оқыту кезінде Р.Нарита зерттеуінде оқу жүзеге асу үшін прагматикалық ерекшеліктерді, яғни контекске, сөйлеушілердің ниетіне және сөйлеу мақсатына қарай іріктелген тілдік ерекшеліктерді байқағанның өзі жеткілікті болады деп мәлімдейді [10]. Ол Р. Шмидттің [11,12] білім алу үшін хабардарлықты арттыру қажет екендігі туралы гипотезасын негізге алады. Ал, Н.Тагучи зерттеуінде жанама оқытудың әдісі ретінде пәнді шетел тілінде оқытуға негізделген технологияны (CBL) қолданады [13].

Жоғарыда аталған зерттеулер тура оқыту немесе жанама оқытудың артықшылықтарын дәлелдесе, кейінгі зерттеулер екі әдісті бірге қолданудың мүмкіндігін айтады. М.Такимото прагматикалық құзыретті дамыту үшін сауалдарды шешу тапсырмаларымен қатар (problem-solved tasks) нұсқаулар/түсіндірулер беріп, екі әдісті де қолданады [14]. Бұл оқу тек теориялық білім берумен шектелмейтінін дәлелдейді. Д.Коике мен Л.Пирсон айтуынша, бір тілдегі тіл функцияларының жүзеге асу жолдары екінші тілден өзгеше [15]. Сондықтан, оларды түсіндіру арқылы да, жанама түрде үйрету де аса маңызды. С.Такахашиде жанама оқытуда тілді орынды қолданудың ерекшеліктері туралы айтылса, білім алушылар шетел тілін тиімді игереді деген қорытындыға келеді [16].

Зерттеулер көрсеткендей, тіл үйренушінің сәтті қарым-қатынас орнатуы ағылшын тілі мұғалімдерінің прагматикалық құзырет жайында білімі мен оны дамытуға қатысты қолданатын әдісіне байланысты екені анық. Сондықтан Қазақстандағы оқытушылардың прагматикалық құзырет жайында хабардарлығы мен оқыту әдісін анықтау өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу материалы мен әдіснамасы. Ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретті дамытуға қатысты ой-толғаныстары мен қолданатын әдістері жайлы мағлұмат алу үшін сауалнама әдісі қолданылды. П.Джи, Н.М.Бу, М.Ариани, И.Бастоми, А.Дж. Праего ғалымдардың еңбектерінде қолданылған сауалнама негізге алынды [2,3,17]. Сауалнама екі бөлімнен тұрады: демографиялық бөлім және прагматикалық құзыретке қатысты сұрақтар. Сұрақтар түрі әртүрлі: жабық, көп вариантты, Likert типті (SD - мүлдем келіспеймін, D - келіспеймін, N - бейтарап, A - келісемін, SA - толықтай келісемін) және ашық. Демографиялық бөлімде мұғалімнің жасы, жынысы, дәрежесі, ағылшын тілін қанша уақыт үйренгені, ағылшын тілін оқыту тәжірибесінің ұзақтығы, шетелде оқуы/оқымауы туралы мағлұмат сұралады. Екінші бөлімде мұғалімнің прагматикалық құзырет туралы түсінігі, оны дамытудағы қиындықтары мен оқыту жолы жайлы сұрақтар қойылады. Барлығы 34 сұрақ, оның 7 сұрағы ашық, яғни қатысушы өз пікірін жазуы қажет. Сұрақтың көбісі сандық әдіс арқылы сараланса, жеті жауап сапалы әдісімен талданады.

Қатысушылар. Сауалнамаға Қазақстандағы бір жоғары оқу орнының шетел тілін оқыту кафедрасының 15 ағылшын тілі оқытушысы қатысты. Оның ішінде 10 оқытушы - магистр, 5 оқытушының PhD дәрежесі бар. Оқыту тәжірибесі 5 жылдан 15 жылға дейін. Зерттеуге оқытушылар өз еркімен қатысты. Сауалнама электронды пошта, WhatsApp қолданбасы арқылы жіберілді. Екі аптаның ішінде барлық қатысушылар сауалнама толтырып өткізді. Этикалық шартқа сай оқытушылардың аты-жөні жасырылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Сауалнама нәтижесі келесі екі зерттеу сұрағына жауап береді:

1. Ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретке деген көзқарасы қандай?

2. Оқытушылар оны дамыту үшін қандай әдіс-тәсілді қолданады?

Сауалнама 26.07-31.07.2022 ж. аралығында жүргізілді. Қатысқан 15 оқытушының біреуі ер, қалған он төрті әйел адам. Олардың 53,3 %-ның (8 адам) 11-15 жылдық, 26,7 %-ның (4 адам) 5-10 жылдық тәжірибесі бар, қалған 21,4%-ның (3 адам) оқыту тәжірибесі бес жылдан төмен. Ғылыми дәрежесі бойынша оқытушылардың 66,7 % – магистр, 33,3% – философия докторы (PhD).

Қатысушылардың жартысы шетелде білім алып, жұмыс істемегенін айтса, қалған жартысы шетелде, нақты айтқанда Англияда білім алғанын көрсетті. Бір оқытушының АҚШ пен Англияда оқытушы ретінде тәжірибесі бар.

Он бес оқытушының 73,3 %-ы прагматикалық білім алғанын айтса, 26,7 %-ы прагматикалық білімді қолдануды үйренбегенін мойындайды. Бұл олардың шетелде болуы-болмауына байланысты емес екені аңғарылды: шетелде тәлім алмағандар прагматикалық білім алғандарын растады.

1. Ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретке деген көзқарасы.

Бұл бөлімде жоғары оқу орнында ағылшын тілін оқытушыларының прагматикалық білім беру жайында түсінігі, оның маңыздылығы, оны дамыту жолын білу/білмеуі, грамматикалық білімнің рөлі, мәдениет жайында ақпарат беруі, ағылшын тілінде төл сөйлеушілер мен басқа ұлттың ағылшынша сөйлеуін түсінудің қажеттілігі, тұлғалық және мәдени ерекшеліктердің оқыту барысына ықпалы сияқты сұрақтар қамтылады. Сауалнамаға қатысушылардың әрбір сұраққа берген жауабы жеке-жеке сараланып, нәтижесінде келесі екі мәселе айқындалды: ағылшын тілі мұғалімдердің түсінігіндегі (1) лингвистикалық білімнің алар орны, (2) прагматикалық білім маңыздылығы.

Лингвистикалық білімнің алар орны.

Алдымен, коммуникативтік құзыреттің бір компоненті – лингвистикалық құзыреттің маңызы және оның орны жайында мұғалімдердің көзқарасы топтастырылды (1-кесте). Ағылшын тілін оқу – лингвистикалық білім алу деген мәлімдемесімен (Q1) қатысушылардың 40%-ы келіседі, 26,6%-ы ғана ағылшын тілін оқыту лингвистикалық білімді алу емес екеніне нық сенеді. Q2 мәлімдемесі бойынша жауап берушілердің 93,3%-ы лингвистикалық білімнің прагматикалық білім секілді, яғни сөйлемді дұрыс құрастыра алу оны орынды қолдану сынды білім маңызды деп есептейді. Сондай-ақ, егер студент сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрап, бірақ сөйлеу әдебіне сай келмей, орынсыз қолданса, оны оқытушылардың 40%-ы түзейтінін, ал 13,3%-ы прагматикалық жағынан кеткен қателерді түзеуге асықпайтынын айтады.

1-кесте – 1-3 сұрақтар көрсеткіші, %

Question	SD	D	N	A	SA
Q1	13,3	13,3%	33,3%	26,7%	13,3%
Q2	0	0	6,7%	53,3%	40%
Q3	0	13,3%	46,7%	40%	0

Question 1. I believe learning English means learning grammar, vocabulary, and pronunciation

Question 2. I think that linguistic knowledge (e.g. pronunciation, grammar, and vocabulary) is as important as the knowledge of how to use the language (pragmatic knowledge)

Question 3. I often correct the mistakes my students make when they use inappropriate words although the sentences are grammatically correct.

Фонетика жағына келгенде, 80% оқытушы студенттердің ағылшын тілін төл қолданушылар секілді сөйлегендерін қалайды, 10%-дан кемі олай ойламайды (2-кесте).

2-кесте – 6-сұрақ және 16-сұрақ көрсеткіштері, %

Question	SD	D	N	A	SA
Q6	0	6,7%	13,3%	53,3%	26,7%
Q16		26,6%	6,7%	67%	

Question 6. I want my students to speak English like native speakers.

Question 16. Do you think learners of English as a second or foreign language should try to imitate native speakers' accents? Why?/ Why not?

Білім алушылардың британдық ағылшын тілін (67%) немесе американдық және британдық ағылшын тілдерін, яғни екеуін де (33,3%) меңгергенін қалайтыны анықталды. Алайда, егер акцентсіз сөйлеу мен тілді тиісінше қолдану дилеммасы берілген кезде, тілді қолдана алу қабілеті маңыздырақ екенімен барлығы келіседі.

Екінші немесе шетел тілі ретінде ағылшын тілін үйренушілер ана тілінде сөйлейтіндердің акцентіне еліктеуге тырысу керек жайында жартысынан көбі келіссе, төрт адам жоқ деп жауап берді. Бір қатысушы жауабын былай деп түсіндіреді: «Жоқ және иә, сөйлеуде екпінді қолдану өте маңызды, себебі шетелдіктерді түсіну оңай болады. «Жоқ» деген жауапты әр ұлттың ағылшын тілінде екпінмен дұрыс сөйлеу үшін қолдануға болмайтын ерекше әріптері мен дыбыстары бар деп түсіндіреді».

Прагматикалық білімнің салмақтылығы

Алайда тілді тиісінше қолдану үшін дыбысты дұрыс айту, яғни акцентсіз сөйлеу және грамматикалық жағынан дұрыс сөйлем құрастыру жеткіліксіз екенін қатысушылар түсінеді. Оған Q3, Q14, Q15 сұрақтардың жауабы дәлел (3-кесте).

3-кесте – 3, 14, 15-сұрақтар көрсеткіші, %

Question	SD	D	N	A	SA
Q3	0	13,3%	46,7%	40%	0
Q14		13,3%		73,3%	
Q15		0		100%	

Question 3. I often correct the mistakes my students make when they use inappropriate words although the sentences are grammatically correct.

Question 14. Which errors do you think are more serious? Grammatical or pragmatic errors?

Question 15. What do you think is more serious? Not having an accent or using the language appropriately?

Тілді үйрену кезінде қателеспеу мүмкін емес. Сауалнамада катенің екі түрі салыстырылады: грамматикалық және прагматикалық. Грамматикалық қате сөздің грамматикалық құрылысына қатысты болса, прагматикалық қате – сөйлеу барысында белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортада қалыптасқан нормаларды және қарым-қатынас жағдайын ескермей жасалынған қате. Оқытушылардың 40%-ы оқу барысында прагматикалық жағынан кеткен қателерді түзеуге асығады. Он бес адамның он бірі (73,3%) прагматикалық білім лингвистикалық білімге қарағанда маңызды екенін айтса, екеуі грамматикалық білімге көбірек көңіл бөлетінін айтады. Ал акцентке келсек, акценттің болуына қарағанда, оқытушылардың барлығы тілді тиісінше қолданудың маңызды екенін атайды (100%) (Кесте 3). Осы нәтижеге қарағанда, олар ағылшын тілі тек оқумен ғана шектелмейтінін, түсіну, меңгеру және орынды қолданудың қажет екені байқалады.

Мәдениеттің, ортаның және сөйлеушілердің тұлғалық қасиеттерінің ықпалы жөнінде келесі сұрақтар берілді: Q5. *I think students' awareness of getting information on culture and appropriate language use is more useful than teaching specific pragmatic knowledge.* Q9. *I believe it is important for learners of English to keep their identity and culture.* Q10. *I think learners of English need to understand other Englishes apart from native English.* Q11. *I think native speakers of English need to understand the culture of speakers of English as a second or foreign language.* Q12. *I think my way of learning and teaching pragmatics in particular and English in general influenced by my mother tongue and by other people around me.* Q17. *Do you think learners of English need to develop understanding of other Englishes (e.g. African, Indian, Arabic)? Why? /Why not?*

Оқытушылардың 80%-ы британ мен американдық ағылшындардан басқа да адамдармен (мысалы, африка, үнді, араб) ағылшынша қарым-қатынасқа түсе алуы қажет екенін түсінеді. Q11 сұрақ бойынша 70%-ға жуық мұғалім төл ағылшын тілінде сөйлейтіндер ағылшын тілін шетел тілі немесе екінші шетел тілі ретінде сөйлейтіндердің мәдениетін түсінуі қажет деп санайды. 73,3% білім алушылар өздерінің тұлғалығын және мәдениетін сақтау маңызды деп есептейді (Q9). 53,3% жалпы ағылшын тілін үйретуге және прагматиканы оқып үйретуге мұғалімнің ана тілі мен айналасындағы адамдар ықпалы ететініне сенеді (Q12) (4-кесте).

4-кесте – 10, 11, 9, 12 сұрақтар көрсеткіші, %

Question	SD	D	N	A	SA
Q10	0	0	20%	40%	40%
Q11	0	0	33,3%	53,3%	13,3%
Q9	0	6,7%	20%	40%	33,3%
Q12	6,7%	13,3%	26,7%	40%	13,3%

Question 9. I believe it is important for learners of English to keep their identity and culture.

Question10. I think learners of English need to understand other Englishes apart from native English.

Question11. I think native speakers of English need to understand the culture of speakers of English as a second or foreign language.

Question 12. I think my way of learning and teaching pragmatics in particular and English in general influenced by my mother tongue and by other people around me.

Оқытушылар студенттердің ағылшын тілін төл қолданушылармен ғана емес, басқа ұлттың өкілдерімен де қарым-қатынасқа түсетінін, ол үшін мәдениет пен тұлғалық факторларды ескеру қажеттігін түсінеді. Бірақ бір ескеретін жайт, оқытуға келген кезде тілдік білім беру алға шығады. Қатысушылардың 40%-ы прагматикалық білім бермес бұрын, білім алушы тілді жоғары деңгейде меңгеруі қажет деп санайды. Бұл тұжырыммен тек 26,7%-ы келіспейді (4-кесте).

Ағылшын тілі оқытушылары үшін лингвистикалық білім прагматикалық білім секілді маңызды. Алайда олардың ағылшын тілін оқуды – грамматиканы, сөздерді меңгерумен теңестіретіні байқалады. Бірақ дыбыстап айту дағдылары үйренушінің физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты екенін түсінеді. Қатысушылардың прагматикалық білім беру жайлы түсінігі айтарлықтай қалыптасқан деп айтуға болады. Грамматикалық қатеден бұрын прагматикалық қате қарым-қатынастың сәтсіздікке әкелетінін, қатынас орнатқан кезде сөйлеушілердің мәдениеті мен тұлғалығы үлкен рөл атқаратынын түсінеді. Дегенмен прагматикалық қатеге қатысты кері байланысты толық бере алмау және прагматикалық білімді тек үйренуші белгілі бір тілдік білім алғаннан кейін үйрету секілді мәселелер анықталды.

2. Ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретті дамытудағы тәжірибесі. Екінші бөлімде оқытушылардың прагматикалық құзыретті дамытудың тәжірибесін зерделеу үшін, он бес сұрақ қойылды. Қатысушылардың 27%-ы студенттердің прагматикалық құзыретін дамыту жолын білсе, 28,6%-ы оқыта алатынына сенімсіздік білдірді (Q4) (5-кесте). Кестеде көрсетілгендей, прагматикалық құзыретті дамытудың жанама оқыту әдісін қолдануды (мәдениет жайлы ақпарат беріп, тілді қолдануды үйрету) 33,3%-ы жөн көреді, ал 13,3%-ы нақты прагматикалық білім беруді артық санайды (Q5). Арнайы прагматикалық ақпараттың өзі төрт топтан тұрады: жалпы прагматикалық білім, метатіл, сөйлеу актілері, мәдени ақпарат. Қандай прагматикалық білім беретінін сұрағанда, жалпы прагматикалық ақпарат (сыпайылық, орындылық, формальдылық және регистр) беру мен сөйлеу актілерін оқыту жиі жүргізілетіні

айтылады (Q18). Ал мәдениет және метатіл жайында ақпарат беру бір-екі жауапта кейде немесе мүлдем болмайтыны көрсетіледі. Сонымен қатар, мұғалімдер қазіргі тіл ерекшеліктермен, слэнгпен таныстыратынын, тілдерді бір-бірімен салыстыратынын айтады.

Сауалнамаға қатысушылар студенттердің коммуникативтік іскерліктерді меңгеруіне көп мән береді. Мысалы, коммуникативті түрде оқыту маңыздылығын 80 % құптайды (Q7). Коммуникативтік дағдыларға көп көңіл бөлінетін айқындалды, алайда лингвистикалық, семантикалық және прагматикалық білім де бірдей берілетіні аңғарылады (Q20).

5-кесте – 4, 5, 7, 13 сұрақтар көрсеткіші, %

Question	SD	D	N	A	SA
Q4	6,7%	20%	46,7%	13,3%	13,3%
Q5	0	13,3%	53,3%	20%	13,3%
Q7	20%	60%	6,7%	13,3%	0
Q13	0	26,7%	33,3%	40%	0

Question4. I don't think I know how to provide students with cultural knowledge and appropriate language use.

Question5. I think students' awareness of getting information on culture and appropriate language use is more useful than teaching specific pragmatic knowledge.

Question7. I think teaching English communicatively is not as important as teaching grammatical points and vocabulary items.

Question13. I think the textbooks used at the Faculty contain adequate pragmatic information.

Оқуды ұйымдастыру формаларынан жұптық жұмыс пен рөлдік ойынға қарағанда көбінесе топтық талқылау мен дебат ұйымдастыру басым (80%) түседі (Q24).

Прагматикалық білімді және мәдениет жайында ақпаратты беру жолын қарастырғанда 80-90% қосымша материал қолданып, әртүрлі тапсырма мен ашық сауалдарды қолданатынын айтады (Q22). Мүмкін, бұның себебі 40%-ы оқулықта ағылшын тілінде сөйлесу әдебі жайында ақпарат беріледі деп санаса, 26,7%-ы оқулықта тиісті прагматикалық білім қамтылмайды деп ойлайды (Q13) (5-кесте). Сондықтан оқытушылар прагматикалық құзіретті дамыту үшін сабақ үстінде бір емес, бірнеше тәсілді қатар қолданады. Олардың ішінде дискуссия ұйымдастыру, теле-радио бағдарламалары мен видео қолдану және рөлдік тапсырма беру сынды әдістер бар. Ал білім алушылардың түсінігін жақсартуға бағытталған тіл туралы нұсқауларды (40%) және ақпараттық парақтарды (46,7%) аса жиі қолданбайтыны аңғарылды. Жоғары оқу орын оқытушыларының тіл үйренушілердің прагматикалық құзыретін дамытуда қолданатын әдістері келесі топтарда көрсетіледі: интерактивті әдістерді, аутентивті бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану, өздік жұмыс және әлеуметтену. Қатысушылардың прагматикалық білімді қалай меңгергені жайлы деректер келесі кестеде берілген (6-кесте):

6-кесте – Оқытушылардың әдістерді меңгеру көрсеткіші, %

Әдіс	Адам саны	Пайыз көрсеткіші
Reading and listening (authentic texts, articles, films, lectures, magazines, BBC news, social nets)	5	33%
Experience abroad and at home, practice	2	13,3%
Independent work (Looking for info about pragmatic, textbooks)	4	26,6%
Tasks (critical thinking, solving cases)	2	13,3%
Grammar-translation method	1	6,7%

Оқытушылар өздерінің прагматикалық құзыретін көтеру үшін, барлық әдістерді қолданғандарын айтады: әртүрлі ресурстарды талдау мен талқылау, қарым-қатынасқа түсу, сөздерді аудару, грамматиканы оқу, өз бетімен жұмыс істеу. Қолданған әдістердің ең үлкен көрсеткішті масс-медиа материалдарымен жұмыс істеу, оқу, тыңдау әдісі көрсетеді (33%). Содан кейін өздік жұмыс, яғни нақты ағылшын тілінде сөйлесу ерекшеліктері жайында ақпарат жинау, оқулықтан үйрену секілді әрекеттер жиі қолданылады. Екі оқытушы шетелде және үйде практика жасау пайдалы болды десе, басқа екі мұғалім сыни ойлаудың, әртүрлі тапсырмаларды орындаудың көмегімен прагматикалық білімді меңгергенін айтады. Сондай-ақ, бір оқытушы грамматиканы оқып, аударма әдісінің тиімділігін атап көрсетеді. Оқытушылардың прагматикалық құзыретте дамытудың ұтымды жолдарын көрсету сауалында қатысушылардың жарты бөлігі интерактивті әдістердің ұтымдылығын нұсқайды (53,3%). Төрттен бір бөлігі қарым-қатынас жасау, әлеуметтену үдерісін таңдайды. Екі қатысушы бұқаралық ақпарат құралдарын қолдануды ұсынса, бір оқытушы ғана өздік жұмысқа көңіл бөледі (7-кесте).

7-кесте – Оқытушылардың әдістерді қолдану көрсеткіші, %

Әдіс	Адам саны	Пайыз көрсеткіші
Tasks (role-plays, discussion, cases)	8	53,3%
Communication, socialising	4	26,6%
Independent work	1	6,7%
Using mass media	2	13,3%


Оқытушылардың өздерінің прагматикалық білімді алу жолы мен қазір студенттердің прагматикалық құзыретін көтеруде ұтымды деп санайтын әдістерін салыстыра келгенде, келесі айырмашылықтар мен ұқсастықтар айқындалады:

– прагматикалық білімге қол жеткізу үшін, оқытушы өзі тәлім алғанда Интернет ресурстарының пайдасын көргенмен, оқыту барысында оларды сирек қолданатыны байқалды;

– қарым-қатынасқа түсу, тілді іс жүзінде қолдану, әлеуметтену секілді үдерісті оқытушы өзі де, студентті оқытуда да бірдей қолданатынын айтуға болады;

– оқытушылардың жартысы сыни ойлауды, талқылауды және шығармашылық тапсырмаларды орындауды прагматикалық құзыретті дамытуға қажетті деп санайды. Алайда, бұндай тапсырмалардың көмегін өздерінің прагматикалық білімін меңгеруінде өте аз көрсетеді. Бұл олардың тәлім алған кезінде интерактивті әдістерді аз қолдануымен түсіндірілу мүмкін;

– керісінше, өздік жұмыс оқытушының өзінің сөйлеу машықтарын дамытуға көмектескенін көп айтса, бірақ оны студенттердің прагматикалық құзыретін қалыптастыру әдісі ретінде аз ұсынады (1-сурет).



1-сурет – Оқытушының оқыту барысында қолданатын әдістері мен өзі тәлім алғанда көмектескен әдістерімен салыстырылуы (100%)

Қатысушылардың жартысы дерлік студенттерге прагматикалық білім беруде қиындықтар мен кедергілерге кезітетінін айтады. Ол қиындықтардың ішінде студенттердің ана тілінен аударып сөйлем құрастыруы, грамматикалық ережелерді сақтамауы бар. Ұсыныс ретінде бір мұғалім көбірек уақыт беру жайында айтса, екінші мұғалім жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін нұсқайды.

Сауалнаманың екінші бөлігі оқытушылардың прагматикалық құзыретті дамыту белсенділігі жоғары екенін көрсетеді. Тілді тиісінше қолдануды үйрету сыни ойлауды және шығармашылдықты қажет ететін тапсырмалар арқылы жүзеге асатынын оқытушылар түсінеді. Алайда оқытушылар үшін прагматикалық құзыретті дамытуды ұйымдастыру қиынға соғатынын айтады және оның шешімін бере алмады.

Талқылау. Сауалнамадан алынған деректер үш мәселе аясында қарастырылды: - оқытушылардың лингвистикалық білімге деген көзқарасы, - оқытушылардың прагматикалық құзырет жайлы көзқарасы, - білім алушылардың прагматикалық құзыретін дамытуға қатысты оқытушылардың көзқарасы.

Оқытушылардың лингвистикалық білімге деген көзқарасы.

Ағылшын тілі шетел тілі ретінде оқытылатын елдерде ағылшын тілін оқыту тіл аспектілерін (грамматика, лексика, фонетика), яғни формаға бағытталған оқытудың әлі де орын алатыны Индонезия, Вьетнамдағы мұғалімдердің тәжірибесінен көрінеді. Бұл жағдай Қазақстан оқытушылары арасында жүргізілген осы зерттеуде де көрінеді. Қатысушылардың 40%-ы ағылшын тілін оқу – лингвистикалық білім алу деген мәлімдемесімен келіссе, 26,6%-ы ғана ағылшын тілін оқыту лингвистикалық білімді алу емес екеніне нық сенеді. М. Ариани және б. зерттеуінде оқытушылардың жартысы келіседі де, 30%-ы келіспейді [2, б.200].

Респонденттердің пікірінше, прагматикалық қателер грамматикалық қателерге қарағанда күрделірек, өйткені біріншісі түсінбеушілік пен қарым-қатынастың бұзылуына әкелуі мүмкін. Дегенмен, сауалнамаға қатысқан оқытушылардың тек 40%-ы прагматикалық қателерге кері байланыс береді екен. Н.М.Ву зерттеуінде Вьетнам мұғалімдері прагматикалық қателерді грамматикалық қателерден гөрі күрделірек деп сауалнамада да, сұхбатта да көрсеткенімен (62%-ы), сыныптағы тәжірибеде олар әлі де грамматикалық қателерге көбірек көңіл бөлуге бейім. Сыныпта жүргізілген бақылау деректері оқытушылардың прагматикалық қателерге қарағанда грамматикалық қателерді көбірек түзететінін көрсетті [17, б.167].

Ағылшын тілінің фонетикалық аспектісіне келгенде, Индонезия, Вьетнам, Қытай елдерінде жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне ұқсайды. Зерттеуге қатысушылардың жартысынан артығы білім алушылардың британ және американдық ағылшын тілінің дыбыстауын меңгеруін қалайды: Қазақстан оқытушыларының 80%-ы студенттердің ағылшын тілін төл қолданушылар секілді сөйлегендерін қалайды, 67%-ы соларға еліктеу қажет деп санайды. Қытай мұғалімдерінің 57%-ы [18], Вьетнам оқытушыларының 62%-ы ағылшын тілінің британ және американдық нұсқаларын меңгергенін қалайды [17, б.167].

Оқытушылардың прагматикалық құзырет жайлы көзқарасы

Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың басым бөлігі (73,3%) прагматикалық білім лингвистикалық білімге қарағанда маңызды екенін айтады, бұл олардың ағылшын тілін қарым-қатынас орнату үшін тілді тиісінше қолдануды білудің қажет екенін түсінетінін білдіреді. Бұл жағдай басқа зерттеулерде де расталды. Сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени факторлар және тұлғалық ерекшеліктер әсері жайлы оқытушылардың хабары бар екені анықталды. Бұл тілден бөлек факторлардың үйренушінің прагматикалық құзыретті меңгеруіне, басқа ұлт өкілдерімен байланыс орнатуға және мұғалімнің оқыту әдісіне ықпалы ететінін Қазақстан оқытушылары да және ағылшын тілі шетел тілі ретінде оқытылатын елдердің мұғалімдері де мойындайды. Ал ағылшын тілі екінші тіл ретінде қолданылатын елдерде (мысалы, Индия, Гана, Нигерия) халық жергілікті ағылшын тілінде сөйлеуді құптайды [17, 19]. Бұдан шығатын тұжырым: ағылшын тілін прагматикалық түрде қолданысы аз болғандықтан, ағылшын тілі шетел тілі ретінде қолданылатын

елдерде оқу ағылшын тілінің британдық немесе американдық нұсқасын меңгеруге бағытталған. Сондықтан тіл үйренушілердің прагматикалық құзыретіне аса мән берілмейді. Ал ағылшын тілі прагматикалық қолданысы кең елде ағылшын тілі сол елдің мәдени болмысымен ұштасып, ағылшын тілінің жергілікті нұсқасы қалыптасқан.

Сонымен қатар, прагматикалық білім беру кезінде де, басым назар лингвистикалық білім беруге түсетіні айқындалады. Сауалнамаға қатысқан Қазақстан мұғалімдерінің 27%-ға жуығы прагматикалық білімді бастапқы деңгейден беру керек десе, Қазақстанның да (40%), Вьетнамның да (65%) оқытушылары прагматикалық құзыретті дамытуды тек жоғары деңгейде енгізуді жөн көреді [17]. Тіл құралдарын (грамматика, лексика) жаттау бөлек, оларды жағдайға қарай және тілдегі прагматикалық нормаларға сай қолдана алу бөлек екенін К.Бардови-Харлиг, Г.Каспер және П.Джи еңбектерінде көрсетіледі [20, 4, 3]. Тілді білу деңгейінің жоғары немесе төмен болуынан оқушының прагматикалық құзыретін бағалау мүмкін емес екенін келесі зерттеу нәтижелері көрсетеді. Ағылшын тілін жапондық үйренушілермен зерттеу жүргізе отырып, С.Мацумура тіл білу деңгейлері олардың прагматикалық қателіктерге сезімталдығына тікелей әсер етпейтінін анықтады және басқа зерттеулер тіл білу мен прагматикалық білім арасындағы сәйкессіздікті анықтағанын растады [21]. Тұжырымдай келе, білім алушының лингвистикалық білімі жоғары болса, прагматикалық құзыреті жақсы дегенді білдірмейді. Сол сияқты, лингвистикалық білімі таяз болса да, студенттің прагматикалық құзыреті жоғары болып, қарым-қатынасты сәтті жүргізе алуы мүмкін.

Оқытушылардың білім алушылардың прагматикалық құзыретін дамытуға қатысты көзқарасы.

Қатысушылардың 73,3 %-ы прагматикалық білім алғанын айтқанмен, тек 27%-ы студенттердің прагматикалық құзыретін дамыту жолын білетінін көрсетеді. Бұл Н.М.Бу, П. Джи, М.Йылдыз Екин мен Е. Атак Дамар өткізген зерттеулерде де көрініс табады. Түркі университетінің төртінші курс оқытушыларының 21%-ы прагматиканы сәтті үйретеді деп айта алады [22]. Осы зерттеулердің нәтижесінде, прагматикалық құзыретті дамытудың қиындығының бір себебі мұғалімдердің өздерінің прагматикалық құзыретінің жоғары болмауы болса, екіншісі, сол прагматикалық білім беру әдісін білмеуімен байланысты деген тұжырым жасалынады. Ал М.Йылдыз Екин мен Е. Атак Дамар зерттеу жұмысында қатысушылардың 70%-ы теориялық және практикалық білімнің арасындағы алшақтықты кедергі ретінде айтады [22, б.183]. Прагматиканы білу мен прагматиканы оқыта алу екі бөлек құзырет екені осы зерттеуден көрінеді. К.Васкез пен Д.Шарплес айтуынша, U.S.TESOL оқыту бағдарламасының 20%-ы ғана прагматикалық білімге арналған, оның өзінде жартысынан артығы практикалықтан гөрі теориялық материал беріледі [23]. Сондықтан болашақ EFL оқытушыларын дайындауда прагматикалық құзыретті дамыту дәрістерін кіргізу мәселесі көтерілуі аса қажет.

Оқулық жайында осы зерттеуде алынған деректер басқа шетел зерттеулерінен ерекше. Оқулықта прагматикалық мәліметтің жеткілікті түрде қамтылмайтынын қытай мұғалімдерінің жартысына жуығы келіссе [3], Қазақстан жақтан төрттен бір бөлігі ғана солай ойлайды, ал 40%-ы оқулықта тиісті прагматикалық ақпарат беріледі деп есептейді. Сонымен бірге, мұғалімдер прагматикалық білім беру құралдарының бірі болып оқулықты нұсқайды. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде EFL оқулықтарының прагматикалық құзыретті қалыптастыру мүмкіндігі аз екенін көрсетеді. Оқулықта берілген ауызша сөйлеу мысалдары мен шын өмірдегі сөйлеу әрекеті арасындағы сәйкессіздік, контексттің болмауы [24, б.56], метапрагматикалық ақпарат пен контекстуализацияның аздығы [25], тілдің шын қолданысынан ауытқып беру, тілдің күрделілігін қарапайым сөйлемдер тізбегі арқылы беру [5] сөз етіледі. Бұл ескертулер білім алушының тілдің шынайы қызметін меңгеруіне кедергі келтіреді.

Осы сауалнамадан алынған деректердің басқа қарастырылған зерттеулерден тағы бір айырмашылығы ол арнайы прагматикалық мәліметтердің түрлерінде. Қазақстан мұғалімдері жалпы прагматикалық ақпарат (сыпайылық, орындылық, формальдылық

және регистр) беру мен сөйлеу актілерін оқытуды жиі көрсетсе, Вьетнам, Қытай елдерінде жүргізілген зерттеулерде мәдениет туралы ақпарат беруге ұмтылатыны айтылады [3, 17].

Сауалнамадан оқытушылар аутентивті материалдарды (теле-радио бағдарламалары мен видео) және интерактивті технологияны (дискуссия, рольдік ойындар, шешуге бағытталған сауалдар) қолдану қажеттігі жайлы хабардар екені анықталды. Прагматикалық құзыретті дамыту үшін Интернет ресурстары, бұқаралық ақпарат көздерін және интерактивті технологияларды қолдануды ұсынумен қатар, оқулыққа сүйенетіндігі Қазақстан және шетел елдердің ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзыретті дамытуға қатысты ойлары ұқсайды. Алайда, Қазақстан сауалнама қатысушылары тура оқыту әдісін көп ұсынбайды, яғни нақты (теориялық) прагматикалық ақпарат беру, нұсқау беру арқылы оқыту әдісі аз қолданылады.

Қорытынды. Қазақстанның бір жоғары оқу орнының ағылшын тілі оқытушыларынан алынған сауалнамада оқытушылардың ағылшын тілін оқытуда прагматикалық білім беру жайлы түсінігі мен прагматикалық құзыретті дамытуға қатысты көзқарасы айқындалды. Прагматикалық құзырет, яғни тілді жағдайға және сөйлеушінің ниетіне қарай орынды қолдана алу қабілетінің маңызы оқытушылар үшін тың емес. Ағылшын тілі халықаралық тіл болғандықтан, білім алушы әртүрлі ұлт өкілімен қарым-қатынас құру мүмкіндігіне ие болатыны мәлім. Тілді қолдану кезінде тілдік және тілдік емес факторларды ескере отыра пікір алмасу сөйлеушінің прагматикалық құзыреті жоғары екенін көрсетеді. Бұл жағдайда қарым-қатынас сәтті өтеді, сөйлеушілер бір ортақ шешімге келеді.

Ағылшын тілін оқытуда аутентивті Интернет ресурстары мен интерактивті әдістерді пайдаланылу жайында жиі айтылғанымен, оқыту үдерісінде әлі де тілдің аспектілерін жаттықтыру басым, оның екі себебін осы зерттеу нәтижелері арқылы айқындауға мүмкін болды. Біріншіден, қисынын келтіріп сөйлеуге үйрету грамматикалық дағдыны дамытуға қарағанда күрделі әрекет, себебі ол үшін ағылшын тілінде сөйлеуді қажет ететін орта, жағдай туғызып отыру қажет. Прагматикалық құзыретті қалыптастыру үшін білім алушы тілдік емес факторлар, коммуникативтік жағдай мен сөйлеушілердің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін ескере отыра, үнемі ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауы аса қажет. Олай болмаса, сөйлеуші прагматикалық қате жібереді, нәтижесінде түсінбеушілік туып, қақтығыс болады. Лингвистикалық (грамматика мен лексика) білімге басымдық берудің екінші себебі, оқытушыларда білім алушы қарым-қатынасқа түспей тұрып, алдымен сөз жаттап, ережелерді білу керек деген ой қалыптасқан. Сөйлесу тіл үйренуші грамматика мен сөзді жоғары деңгейде білгенде ғана мүмкін деп санайды. Жоғарыда айтылған мәселелердің себебі мен шешу жолдарын анықтау үшін оқытушылармен жеке сұхбат және сабақ барысын бақылау секілді зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі айқын.

Бұл зерттеуден алынған нәтижелер ағылшын тілі оқытушыларының прагматикалық құзырет жөнінде түсініктің болуын және оны прагматикалық құзыретін дамытуда коммуникативтік тапсырмаларды қолдану қажеттігінен хабардар екенін көрсетеді. Сондай-ақ, интерактивті әдістерді білім алушылардың грамматикалық және лексикалық дағдыларын дамыту мақсатында қолданылатыны байқалады. Бұл интерактивті әдістердің прагматикалық құзыретті дамытуға тигізер үлесі тиісті дәрежеде бағаланбайды деген ой туғызады. Қорыта келгенде, ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесі үшін прагматикалық білім беру мен прагматикалық құзыретті қалай дамыту мәселесінің өзекті екені анық.

Әдебиеттер:

[1] **Eisenchlas, S.** On-line interactions as a resource to raise pragmatic awareness //Journal of Pragmatics, 43– 2011. – pp.51-61.

- [2] **Ariani, M.**, Basthomi Y., Prayogo J.A. The role of pragmatic socialization in building learners' pragmatic competence from English teachers' perspectives// Pegem Journal of Education and Instruction, 11(4) – 2021. – pp.197–208. <https://doi.org/10.47750/pegegog.11.04.19>
- [3] **Ji, P.** Pragmatics and pedagogy: An examination of College English training in China (Unpublished doctoral thesis), University of Sydney, Australia, 2007.
- [4] **Kasper, G.**, Schmidt R. Developmental issues in interlanguage pragmatics. Studies in Second Language Acquisition, (18). – 1996 – pp.149–169.
- [5] **McCarthy, M.** Spoken language and applied linguistics. Cambridge: Cambridge University Press, 1998.
- [6] **Жайтапова, А.А.**, Картабаева А.А. Шетел тілін оқытудағы кәсіби бағытталған дискурсивті құзыреттілік (туризм мамандығы бойынша). Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2021. – 248 б.
- [7] **Саденова, А.Е.** Диалогтық дискурс: қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы: монография/А.Е. Саденова. – Алматы, 2016. – 194 б.
- [8] **Медведева, С.М.**, Медведева О.М. Формирование дискурсивной компетенции в ходе работы над темой «Средства массовой информации и реклама». Дидактизация занятия//Менеджмент в образовании. – Алматы, 2021 – №1. – С. 34-41.
- [9] **Құнанбаева, С.С.** Қазіргі заманғы шет тілінде білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2010. – 344 б.
- [10] **Narita, R.** The effects of pragmatic consciousness-raising activity on the development of pragmatic awareness and use of hearsay evidential markers for learners of Japanese as a foreign language//Journal of Pragmatics, 44 – 2012. – pp.1-29.
- [11] **Schmidt, R.** Consciousness, learning and interlanguage pragmatics. In G. Kasper & S. Blum-Kulka (Eds.), Interlanguage pragmatics (pp. 21-42). – New York: Oxford University Press, 1993.
- [12] **Schmidt, R.** Implicit learning and the cognitive unconscious: Of artificial grammars and SLA. In N. Ellis (Ed.), Implicit and explicit learning of languages (pp.165-209). – London: Academic Press, 1994.
- [13] **Taguchi, N.** Development of speed and accuracy in pragmatic comprehension in English as a foreign language. TESOL Quarterly, 41 – 2007. – pp.313-338.
- [14] **Takimoto, M.** Exploring the effects of input-based treatment and test on the development of learners' pragmatic proficiency// Journal of Pragmatics, 41 – 2009. – pp.1029-1046.
- [15] **Koike, D.**, & Pearson, L. The effect of instruction and feedback in the development of pragmatic competence. System, 33 – 2005. – pp.481-501.
- [16] **Takahashi, S.** The role of input enhancement in developing pragmatic competence. In K. R. Rose & G. Kasper (Eds), Pragmatics in language teaching (pp. 171-199). New York: Cambridge University Press, 2001.
- [17] **Vu, N.M.** Teaching pragmatics in English as a Foreign Language at a Vietnamese university: Teachers' perceptions, curricular content, and classroom practices (Unpublished PhD dissertation). University of Sydney, Sydney, 2017.
- [18] **He, D.**, & Zhang Q. Native speaker norms and China English: From the perspective of learners and teachers in China. TESOL Quarterly, 44(4) – 2010. –pp.769-789.
- [19] Kachru, B. World Englishes: Approaches, Issues and Resources. Language Teaching – 1992 – 25 – pp.1-14.
- [20] **Bardovi-Harlig, K.** Evaluating the empirical evidence: Grounds for instruction in pragmatics. In Kasper, G., Rose, K. (Eds.). Pragmatics and language teaching, (pp.11-32). Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
- [21] **Matsumura, S.** Modelling the relationship among interlanguage pragmatic development, L2 proficiency, and exposure to L2. Applied Linguistics, 24 – 2003. – pp.465-491.
- [22] **Yildiz Ekin, Mehmedil. T.** and Ebru Atak Damar. Pragmatic awareness of teacher trainees and their reflections on pragmatic practices// ELT Research Journal 2 (4) – 2013. -pp.176–190.
- [23] **Vásquez, C.**, and Sharpless, D. The role of pragmatics in the master's TESOL curriculum: Findings from a nationwide survey. TESOL Quarterly, 43(1) – 2009. – pp.5–28.
- [24] **Boxer, D.**, & Pickering, L. Problems in the presentation of speech acts in ELT materials: The case of complaints// English Language Teaching Journal, 49(1) – 1995. – pp.44-57
- [25] **Diepenbroek, L.G.**, Derwing, T.M. To what extent do popular ESL textbooks incorporate oral fluency and pragmatic development? // TESL Canada Journal, 30(7) – 2013. – pp.1-20.

References:

- [1] **Eisenchlas, S.** On-line interactions as a resource to raise pragmatic awareness //Journal of Pragmatics, 43 – 2011. – pp.51-61.
- [2] **Ariani, M.,** Basthomi Y., Prayogo J.A. The role of pragmatic socialization in building learners' pragmatic competence from English teachers' perspectives// Pegem Journal of Education and Instruction, 11(4) – 2021. – pp.197–208. <https://doi.org/10.47750/pegegog.11.04.19>
- [3] **Ji, P.** Pragmatics and pedagogy: An examination of College English training in China (Unpublished doctoral thesis), University of Sydney, Australia, 2007.
- [4] **Kasper, G.,** Schmidt R. Developmental issues in interlanguage pragmatics. Studies in Second Language Acquisition, (18). – 1996 – pp.149–169.
- [5] **McCarthy, M.** Spoken language and applied linguistics. Cambridge: Cambridge University Press, 1998.
- [6] **Zhaitapova, A.A.,** Kartabaeva A.A. Shetel tilin oqytudagu kasibi bagyttalghan diskursivti quzyrettilik (turizm mamandygy boiynsha) [Professionally-oriented discourse competence in teaching a foreign language (for tourism). Educational and methodological tool – Almaty, 2021. – 248p. [in Kazakh]
- [7] **Sadenova, A.E.** Dialogtyq diskurs: qazaq tilin mengerudin dengeilik dinamikasy [Dialogue discourse: the dynamics of Kazakh learning level]. – Almaty, 2016. – 194p. [in Kazakh]
- [8] **Medvedeva, C.M.,** Medvedeva O.M. Formirovanie diskursivnoi kompetentsii v hode raboty nad temoi «Sredstva massovoi informatsii i reklama» [Formation of discursive competence in the course of work on the topic “Mass media and advertising”. Didaktizatsia zanyatiya [Didactization of the lesson]/Management in Education. – №1 – Almaty, 2021. – pp. 34-41 [in Russian]
- [9] **Kunanbaeva, C.C.** Qazirgi zamangy shet tilinde bilim berudin teoriyasy men praktikasy [Theory and practice of modern foreign language education]. – Almaty, 2010. – 344p. [in Kazakh]
- [10] **Narita, R.** The effects of pragmatic consciousness-raising activity on the development of pragmatic awareness and use of hearsay evidential markers for learners of Japanese as a foreign language//Journal of Pragmatics, 44 – 2012. – pp.1-29.
- [11] **Schmidt, R.** Consciousness, learning and interlanguage pragmatics. In G. Kasper & S. Blum-Kulka (Eds.), Interlanguage pragmatics (pp. 21-42). – New York: Oxford University Press, 1993.
- [12] **Schmidt, R.** Implicit learning and the cognitive unconscious: Of artificial grammars and SLA. In N. Ellis (Ed.), Implicit and explicit learning of languages (pp.165-209). – London: Academic Press, 1994.
- [13] **Taguchi, N.** Development of speed and accuracy in pragmatic comprehension in English as a foreign language. TESOL Quarterly, 41 – 2007. – pp.313-338.
- [14] **Takimoto, M.** Exploring the effects of input-based treatment and test on the development of learners' pragmatic proficiency// Journal of Pragmatics, 41 – 2009. – pp.1029-1046.
- [15] **Koike, D., & Pearson, L.** The effect of instruction and feedback in the development of pragmatic competence. System, 33 – 2005. – pp.481-501.
- [16] **Takahashi, S.** The role of input enhancement in developing pragmatic competence. In K. R. Rose & G. Kasper (Eds), Pragmatics in language teaching (pp. 171-199). New York: Cambridge University Press, 2001.
- [17] **Vu, N.M.** Teaching pragmatics in English as a Foreign Language at a Vietnamese university: Teachers' perceptions, curricular content, and classroom practices (Unpublished PhD dissertation). University of Sydney, Sydney, 2017.
- [18] **He, D., & Zhang, Q.** Native speaker norms and China English: From the perspective of learners and teachers in China. TESOL Quarterly, 44(4) – 2010. –pp.769-789.
- [19] **Kachru, B.** World Englishes: Approaches, Issues and Resources. Language Teaching – 1992 – 25 – pp.1-14.
- [20] **Bardovi-Harlig, K.** Evaluating the empirical evidence: Grounds for instruction in pragmatics. In Kasper, G., & Rose, K. (Eds.). Pragmatics and language teaching, (pp.11-32). Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
- [21] **Matsumura, S.** Modelling the relationship among interlanguage pragmatic development, L2 proficiency, and exposure to L2. Applied Linguistics, 24 – 2003. – pp.465-491.
- [22] **Yildiz Ekin, Mehmedil. T. and Ebru Atak Damar.** Pragmatic awareness of teacher trainees and their reflections on pragmatic practices// ELT Research Journal, 2 (4) – 2013. -pp.176–190.

[23] **Vásquez, C.**, and Sharpless, D. The role of pragmatics in the master's TESOL curriculum: Findings from a nationwide survey. *TESOL Quarterly*, 43(1) – 2009. – pp.5–28.

[24] **Boxer, D.**, & Pickering, L. Problems in the presentation of speech acts in ELT materials: The case of complaints// *English Language Teaching Journal*, 49(1) – 1995. – pp.44-57

[25] **Diepenbroek, L.G.**, Derwing, T.M. To what extent do popular ESL textbooks incorporate oral fluency and pragmatic development? // *TESL Canada Journal*, 30(7) – 2013. – pp.1-20.

ОТНОШЕНИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА К ПРАГМАТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ И ИХ ОПЫТ ЕЕ ПРЕПОДАВАНИЯ

Кумарова К.А.¹, магистр педагогических наук
Сейдалиева Г.О.², PhD, ассоциированный профессор

¹*Казахский Национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*

²*Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Аннотация. В этой статье представлены эмпирические данные о восприятии преподавателей английского языка о прагматической компетенции и их опыте по развитию прагматической компетенции у обучающихся. Прагматическая компетенция является одним из компонентов коммуникативной компетенции. Она включает в себя набор умений, позволяющих говорящему адаптировать свою речь к ситуации, понимать точку зрения собеседника и четко передавать свои мысли. Исследовательская работа проводилась среди преподавателей английского языка в одном из вузов Казахстана. Преподаватели приняли участие в опросе, и полученные данные были проанализированы с использованием как количественных, так и качественных методов исследования. Результаты исследования показывают, что преподаватели английского языка признают важность развития прагматической компетенции у обучающихся. Они согласны с тем, что языковые классы должны использовать интерактивные методы и аутентичные материалы, доступные в Интернете. Однако исследование показало, что многие преподаватели сталкиваются с трудностями при развитии прагматической компетенции и проведении корректирующей обратной связи в отношении прагматических ошибок. Преподаватели также уделяют больше внимания освоению грамматики и лексики. Это ситуацию можно объяснить двумя причинами. В первую очередь, устранение и исправление прагматических ошибок являются более сложными, чем обучение грамматике и словарному запасу. В результате исследования было выявлено, что преподавателям испытывают трудности в понимании и преподавании особенностей прагматического использования языка и в классе. Вторая причина заключается в том, что преподаватели английского языка твердо убеждены в том, что обучающиеся должны хорошо понимать правила грамматики и лексические единицы, прежде чем вовлекать обучающихся в коммуникативную деятельность. Эти результаты подчеркивают необходимость дальнейших исследований для изучения и определения стратегий, в частности эффективности интерактивных методов в развитии прагматической компетенции обучающихся.

Ключевые слова: прагматическая компетенция, прагматическая ошибка, коммуникация, интерактивные методы, проектная технология, технология основанная на вопросах, виртуальное обучение.

PERCEPTION OF ENGLISH LANGUAGE TEACHERS ABOUT PRAGMATIC COMPETENCE AND THEIR TEACHING EXPERIENCE

Kumarova K.A.¹, master of pedagogical sciences
Seidaliyeva G.O.², PhD, Associate Professor

¹*Kazakh National women's Training Teacher University, Almaty, Kazakhstan*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Annotation. This article provides empirical evidence regarding English as a Foreign Language (EFL) teachers' perceptions regarding pragmatic competence, as well as their experiences in developing

students' pragmatic competence. Pragmatic competence is one of the components of communicative competence. It encompasses a set of skills that enable speakers to adapt their speech to specific situations, understand the intention of the interlocutor, and express thought clearly. The questionnaire was administered to EFL teachers and the collected data were analyzed using both quantitative and qualitative research methods. The study's findings indicate that EFL teachers recognize the importance of teaching pragmatics: speaking according to the situation, understanding the speaker's point of view, and clearly conveying the idea. They unanimously acknowledged the importance of incorporating interactive teaching methods and utilizing authentic online resources in language classrooms. However, the study revealed that many teachers encountered challenges when developing pragmatic competence and providing corrective feedback on pragmatic errors. Also, they tend to focus more on teaching grammar and vocabulary. This situation can be attributed to two reasons. Firstly, the challenge of addressing and correcting pragmatic errors may lead teachers to give precedence to grammar and vocabulary instruction. It is easier to focus on linguistic aspects rather than addressing the nuances of pragmatic competence within the classroom setting. The second reason is that EFL teachers firmly believe that students should have a solid understanding of grammar rules and lexical items before engaging students in communication activities. These findings highlight the need for further research to explore and identify strategies, as well as the effectiveness of interactive methods in developing students' pragmatic competence.

Keywords: pragmatic competence, pragmatic error, communication, interactive methods, project-based learning technology, inquiry-based learning technology, virtual learning.